

Комиссия мүшелері:

- Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік және
Юрий Иванович коммуникациялар бірінші вице-министрі
- Зверьков - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Вадим Павлович вице-министрі
- Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының Білім және
Нұралы Сұлтанұлы ғылым вице-министрі
- Ысқақов - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Нұрлан Әбділдаұлы ортаны қорғау вице-министрі
- Тілеухан - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Бекболат Қанайұлы вице-министрі
- Рахымбеков - Қазақстан Республикасының Ауыл
Төлеутай Сатайұлы шаруашылығы министрлігі Талдау және
агроөнеркәсіп кешені мен ауылдық
аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу
департаментінің директоры
- Әбітаев - "KEGOC" ашық акционерлік қоғамының
Есберген Әбітайұлы вице-президенті (келісім бойынша)
- Кәрібжанов - "Қазақтелеком" ашық акционерлік
Қайрат Сәлімұлы қоғамының вице-президенті
(келісім бойынша)
- Күмісбеков - "Қазақстан темір жолы" ұлттық
Нұрлыбек Кенжебекұлы компаниясы" жабық акционерлік қоғамының
басқарушы директоры (келісім бойынша)
- Сманқұлов - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық
Асқар Сұлтанұлы акционерлік қоғамының аппарат басшысы
(келісім бойынша)
- Син - "Шағын кәсіпкерлік бойынша
Валерий Секкиевич республикалық ақпараттық-көрме
орталығы" жабық акционерлік қоғамының
президенті (келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 8 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 8 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының көрме-жәрмеңке қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының көрме-жәрмеңке қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) республикада және одан тысқары жерлерде көрме-жәрмеңке қызметін дамытудың негізгі бағыттарын әзірлеу, тәсілдерін жүйелеу және үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы министрліктерінің және ұйымдарының өкілдерінен құрылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның мақсаты мен міндеттері

3. Комиссияның мақсаты республикада және одан тысқары жерлерде көрме-жәрмеңке қызметін жетілдіру, дамыту және үйлестіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

республиканың экономикалық мүдделерін негізге алып және халықаралық келісімдер шеңберінде қабылданған Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы көрме-жәрмеңке қызметінің негізгі бағыттарын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

Қазақстан Республикасы көрме-жәрмеңке қызметінің жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды дайындау және ұсыныстар әзірлеу;

екі жақты және көп жақты келіссөздерде көрме-жәрмеңке қызметі жөніндегі Қазақстан Республикасының келісілген ұстанымын дайындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу ;

мүдделі мемлекеттік органдарды халықаралық көрме-жәрмеңке ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру және өткізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, көрме-жәрмеңке қызметі жөнінде жарияланымдар дайындау болып табылады.

3. Комиссияның құқықтары

5. Комиссияның өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде өз қ ұ з ы р е т т і ш е г і н д е :

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне республиканың көрме-жәрмеңке қызметі және оның халықаралық ұйымдарға қатысуы жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

заңнамада белгіленген тәртіппен министрліктер мен ұйымдардан Комиссияның құзыретіне кіретін ақпаратты сұрауға және алуға;

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар қызметіне қатысуына байланысты мәселелерді шешу жөніндегі проблемаларды талдауға және ұсыныстарды әзірлеуге ғылыми ұйымдарды, сондай-ақ отандық және шетелдік с а р а п ш ы л а р д ы т а р т у ғ а ;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік базасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияға оның қызметіне басшылық жасайтын, Комиссияның отырыстарында төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауап беретін төраға басқарады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары о р ы н д а й д ы .

7. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

8. Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және отырыстар өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді. Комиссия хатшысы Комиссияның толыққанды мүшесі болып табылады.

9. Комиссия отырыстары қажеттігіне қарай, бірақ кем дегенде тоқсанына бір р е т ө т к і з і л е д і .

10. Комиссия төрағасы Комиссияның қарауына шығарылатын материалдардың негізінде Комиссияның жоспардан тыс отырыстарын шақырады .

11. Егер Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болып саналады. Комиссия отырыстарға алмастыру құқығынсыз қатысады.

12. Комиссия отырыстары ашық болып табылады. Төрағаның шешімі бойынша жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

13. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен қабылданады және егер оған отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады. Комиссия шешімдері отырыс хаттамасымен ресімделеді және оған отырысқа қатысушы Комиссия мүшелері қол қояды. Комиссияның шешімдері ұсынымдық сипатта болады. Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіру құқығы бар, ол білдірілген жағдайда, жазбаша түрде мазмұндалуы және хаттамаға қоса берілуі т и і с .

14. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша отырыстарының күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын айқындайды және нақтылайды.